

"Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 31 мамырдағы № 194 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 маусымда № 28324 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 132-бабына, 145-бабының 1-тармағына және 180-бабына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есеп нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кадрлардағы елішілік құндылық туралы есеп нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру жөніндегі шығыстар туралы есеп нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысаны;

- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес лицензиялық-келісімшарттық шарттардың орындалуы туралы есеп нысаны;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес келісімшарт талаптарының орындалуы туралы есеп нысаны;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық шарттардың орындалуы туралы есеп нысаны;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есеп нысаны;
- 9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес уранды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру бойынша жүргізілген операциялар, оларға жұмсалған шығыстар туралы есеп нысаны;
- 10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес уран өндіру бойынша жүргізілген операциялар, оларға жұмсалған шығыстар туралы есеп нысаны;
- 11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес уран өндіру жөніндегі есеп нысаны;
- 12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес көмір өндіру жөніндегі есеп нысаны;
- 13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес көмірді тиесп жөнелту жөніндегі есеп нысаны;
- 14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес мұнайды және газ конденсатын өндіру және тапсыру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;
- 15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес мұнайды, газ конденсатын өндіру және кен орындары (ұңғымалар) бойынша игеру кезеңдері жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;
- 16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес мұнайды, газ конденсатын нақты ай сайынғы өндіру және тапсыру туралы есеп нысаны;
- 17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес мұнай теңгерімі бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;
- 18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес компанияның мұнайға бағалары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;
- 19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес алушылар бойынша мұнайды және газ конденсатын өндіру, тапсыру және оның қалдықтары жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;
- 20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес мұнайды және газ конденсатын өндіру және тапсыру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;
- 21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес мұнайды және газ конденсатын экспортқа тасымалдау бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;
- 22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы-Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы-Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау бойынша жедел жоспарлар туралы есеп нысаны;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес мұнайды және газ конденсатын қабылдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес терминалда мұнай қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес ілеспе және табиғи газды өндіру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы есеп нысаны;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидалары бекітілсін.;"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы жергілікті қамту көлемі туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген кадрлардағы жергілікті қамту туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес келісімшарт талаптарының орындалуы туралы есеп нысанымен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп нысанымен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамы туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген уранды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру бойынша жүргізілген операциялар, оларға жұмсалған шығыстар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген уранды өндіру бойынша жүргізілген операциялар, оларға жұмсалған шығыстар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген уран өндіру жөніндегі есеп нысаны осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген көмір өндіру бойынша есеп нысаны осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген көмір тиеу бойынша есеп нысаны осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мұнайды және газ конденсатын өндіру және тапсыру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мұнайды, газ конденсатын өндіру және кен орындары (ұңғымалар) бойынша игеру кезеңдері жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мұнайды, газ конденсатын нақты ай сайынғы өндіру және тапсыру туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мұнай теңгерімі бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген компанияның мұнайға бағалары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген алушылар бойынша мұнайды және газ конденсатын өндіру, тапсыру және қалдықтары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мұнайды және газ конденсатын өндіру және тапсыру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мұнайды және газ конденсатын экспортқа тасымалдау бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы – Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы – Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау бойынша жедел жоспарлар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мұнайды және газ конденсатын қабылдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген терминалда мұнай қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген ілеспе және табиғи газды өндіру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидалары осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика

министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

Б. Акчулаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 31 мамырдағы
№ 194 Бұйрыққа
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Қайда ұсынылады: көмірсутектер және уран өндіру жөніндегі уәкілетті орган

Әкімшілік деректер нысаны <http://spon.energo.gov.kz> интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ТЖКҚ-1

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: тоқсан

Ақпарат ұсынатын тұлғалар аясы: көмірсутектер және уран өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей

Сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есеп

Сатып алу коды	Шарт №	Сатып алу тәсілі	Сатып алу нысанының коды	Шарт жасалған күн (күн, ай, жыл)	Шарттың қолданыс мерзімінің аяқталу күні (күн, ай, жыл)	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, шарттың жалпы сомасы, мың теңге	Тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер жеткізушісінің ұйымдық-құқықтық нысаны	Тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер жеткізушісінің елі	Тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер жеткізушісінің атауы	Жеткізушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жекесәйкестендіру нөмірі)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жеткізушінің нақты орналасқан жерінің мекенжайы		Өнімнің статистикалық жіктеуі бойынша тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің коды		Сатып алынған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы		Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алу көлемі	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, құндық мәнінде сатып алудың нақты көлемі, мың теңге		
12		13		14		15	16	17		
Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт нөмірі	"СТ-KZ" сертификаты берілген тауар өндірушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі				"СТ-KZ" сертификатының №	"СТ-KZ" сертификатының берілген күні (күн, ай, жыл)	"СТ-KZ" сертификатында көрсетілген тауардағы елішілік құндылық, %		Жұмыстағы (көрсетілетін қызметтегі) елішілік құндылық, %	
18	19				20	21	22		23	

Атауы _____ Мекенжайы _____
Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Мөр орны _____

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалардан басқа)

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға 1-қосымшада келтірілген.

Сатып алынған тауарлар,
жұмыстар және көрсетілетін
қызметтер, сондай-ақ олардағы
елішілік құндылық көлемі
туралы есеп нысанына
1-қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

"Сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есеп"

(ТЖКҚ-1, тоқсан сайын)

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімімен берілген сатып алу коды көрсетіледі.

Осы бағанды жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама ұлттық басқарушы холдингке (бұдан әрі – Қор) тиесілі заңды тұлғалар толтырмайды;

2. 2-бағанда тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет сатып алынған шарттың нөмірі көрсетіледі;

3. 3-бағанда тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алу тәсілін көрсетеді:

1) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есептің нысанына 2-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес, сондай-ақ кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімге сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есептің нысанына 2-қосымшаның 2-

кестесіне сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама Қорға тиесілі заңды тұлғалар;

4. 4-бағанда сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есептің нысанына 2-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес сатып алу нысанасының коды көрсетіледі;

5. 5-бағанда шарттың жасалған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

6. 6-бағанда шарт қолданысының аяқталу күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

7. 7-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда шарттың жалпы сомасы мың теңгемен (жүздік үлесімен бөлшек сан) көрсетіледі;

8. 8-бағанда Ұйымдық-құқықтық шаруашылық жүргізу нысандарының жіктеуішіне сәйкес тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет жеткізушісінің ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіледі. Егер жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, баған толтырылмайды;

9. 9-бағанда елдердің Мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет жеткізушісінің елі көрсетіледі. Егер жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, Қазақстан Республикасының коды көрсетіледі;

10. 10-бағанда жеткізушінің атауы көрсетіледі. Егер тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет жеткізушісі Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтамаға сәйкес (заңды тұлғалар үшін) және жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәлікке сәйкес (жеке тұлғалар үшін) атауы көрсетіледі;

11. 11-бағанда тауар, жұмыс немесе қызмет жеткізушісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Егер тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет жеткізушісі Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, баған толтырылмайды;

12. 12-бағанда тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет жеткізушісінің нақты орналасқан жерінің мекенжайы көрсетіледі: елді мекен, көше, үй, кеңсе;

13. 13-бағанда осы шарттың шеңберінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің 15 символ деңгейіндегі коды көрсетіледі;

14. 14-бағанда сатып алынған тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

15. 15-бағанда Өлшем бірліктері мен шоттың мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Баған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

16. 16-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес тауардың заттай түрдегі сатып алу көлемі көрсетіледі. Баған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

17. 17-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда құндық мәндегі сатып алудың нақты көлемі мың теңгемен (жүздік үлесімен бөлшек сан) көрсетіледі;

18. 18-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі;

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

19. 19-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификат берілген тауар өндірушісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Баған жергілікті жерде шығарылған тауарлар үшін толтырылуға міндетті;

20. 20-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификаттың нөмірі көрсетіледі. Баған жергілікті жерде шығарылған тауарлар үшін толтырылуға міндетті;

21. 21-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификаттың берілген күні көрсетіледі. Баған жергілікті жерде шығарылған тауарлар үшін толтырылуға міндетті;

22. 22-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген тауардағы елішілік құндылық пайызбен көрсетіледі. Баған жергілікті жерде шығарылған тауарлар үшін толтырылуға міндетті;

23. 23-бағанда қосалқы мердігерліктің барлық деңгейлерін, сондай-ақ осы жұмысты (қызметті) орындау үшін сатып алынған барлық тауарларды ескере отырып, Кодекстің 28-бабының 2-тармағына сәйкес өнеркәсіптік мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жұмыстағы (көрсетілетін қызметтегі) елішілік құндылық пайызбен (жүздік үлестерге дейін) көрсетіледі.

Сатып алынған тауарлар,
жұмыстар және көрсетілетін
қызметтер, сондай-ақ олардағы
елішілік құндылық көлемі
туралы есеп нысанына
2-қосымша

1-кесте

Сатып алу тәсілінің коды	Атауы

101	Ашық конкурс
102	Бір көзден алу
103	Төмендету әдісімен ашық конкурс (электрондық сауда-саттық)
104	Тауар биржаларында
105	Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тәсілдерді қолданбай сатып алу*

2-кесте

Сатып алу тәсілінің коды	Атауы
201	Тендер
202	Аукцион
203	Баға ұсыныстарын сұрату
204	Бір көзден алу
205	Тауар биржалары арқылы
206	Электрондық дүкен арқылы
207	Холдингшілік кооперация шеңберінде

3-кесте

Сатып алу нысанасының коды	Атауы
0	Тауар
1	Жұмыс
2	Көрсетілетін қызмет

Ескертпе:

* Кодекстің 131-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4 тармақшаларында және 179-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) тармақшаларында көрсетілген тәсілдерді қолданбай.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 31 мамырдағы
№ 194 Бұйрыққа
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Қайда ұсынылады: көмірсутектер және уран өндіру жөніндегі уәкілетті орган

Әкімшілік деректер нысаны <http://spon.energo.gov.kz> интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Кадрлардағы елішілік құндылық туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): КЖҚ-2

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: тоқсан

Ақпарат ұсынатын тұлғалар аясы: көмірсутектер және уран өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей

Кадрлардағы елішілік құндылық туралы есеп

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың нөмірі	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың нөмірі	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың нөмірі	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың нөмірі		Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың нөмірі		Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың нөмірі		Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың нөмірі	
			1-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде :	2-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде :	3-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде :	4-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде :	1-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде :	2-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде :	3-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде :	4-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде :
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Мөр орны _____

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалардан басқа)

Ескертпе: жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты үш (төрт) санатқа бөлінген,

кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемені қамтымайтын жер қойнауын пайдаланушы кадрлардағы елішілік құндылық туралы есепті төрт санат бөлінісінде штаттағы

жұмыскерлер бойынша ақпаратты бөлу арқылы толтырады.

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Кадрлардағы елішілік құндылық
туралы есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

"Кадрлардағы елішілік құндылық туралы есеп"

(КЖҚ-2, тоқсан сайын)

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі ;

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімге сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы жұмыскерлердің жалпы саны көрсетіледі;

3. 3-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы жұмыскерлердің - Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны көрсетіледі;

4. 4-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған басқарушы құрамның (басшылар және олардың орынбасарлары) штаттағы жұмыскерлерінің жалпы саны көрсетіледі;

5. 5-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған басқарушы құрамның басшылар және олардың

орынбасарлары) штаттағы жұмыскерлерінің - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі;

6. 6-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған, құрылымдық бөлімшелердің штаттағы басшыларының және жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандардың жалпы саны көрсетіледі,

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған құрылымдық бөлімшелердің штаттағы басшыларының жалпы саны көрсетіледі;

7. 7-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған құрылымдық бөлімшелердің штаттағы басшыларының - Қазақстан Республикасы азаматтарының және жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандардың - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі,

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған құрылымдық бөлімшелердің штаттағы басшыларының - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі;

8. 8-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы білікті жұмысшылардың жалпы саны көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған жоғары және орта кәсіптік білімі бар штаттағы мамандардың жалпы саны көрсетіледі;

9. 9-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы білікті жұмысшылардың - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы білікті мамандардың - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі;

пайдалануға келісімшарттың нөмірі	Ұйым атауы	Мемлекет коды	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	Заңды тіркелген мекен жай	Ресми интернет-ресурс	Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Жұмыскердің лауазымы	Мамандық атауы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға жұмсалған, немесе мемлекеттік бюджетке аударылған сома, мың теңге			Қосылған құн салығын есепке алғанда, жанама шығыстар сомасы (жол жүру, тұру, тәулікақы), мың теңге			Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, тауарларды сатып алуға жұмсалған сома, мың теңге		Төлем құжатының нөмірі	Төлем құжатының күні
11			12			13	14		15	16

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Мөр орны _____

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалардан басқа)

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға 1-қосымшада келтірілген.

Қазақстандық кадрларды
оқытуды қаржыландыру
бойынша шығыстар туралы есеп
нысанына
1-қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

"Қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есеп"
(ҚКОҚ-3, тоқсан сайын)

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі

;

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда жер қойнауын пайдаланушы оқыту жөніндегі келісімшарттық міндеттемелерді орындау шеңберінде ақшалай қаражат аударған ұйымның атауы көрсетіледі:

1) жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері болып табылатын қазақстандық кадрларды жер қойнауын пайдаланушының өндірістік қызметімен байланысты мамандықтар бойынша оқыту үшін;

2) жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері болып табылмайтын қазақстандық кадрларды оқыту үшін, оның ішінде орта білім ұйымдарының оқушыларын кәсіптік бағдарлау үшін;

3) қазақстандық кадрларды оқыту үшін мемлекеттік бюджетке аударылған ақшалай қаражат;

4) тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында кадрларды жер қойнауын пайдалану саласымен байланысты мамандықтар бойынша даярлауды іске асыратын білім беру ұйымдарымен (оның ішінде қолданыстағы кен орындарында орналасқан оқу (тәжірибелік-зерттеу) полигондарымен) (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) бірлесіп, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті, және көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органдармен келісілген тауарлар тізбесі бойынша жер қойнауын пайдаланушының тауарларды сатып алуына;

5) жер қойнауын пайдаланушының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы білім беру ұйымымен бірлесіп ұсынған және көмірсутектер мен уран саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарлардың тізбесі бойынша сатып алу үшін ақшалай қаражатты білім беру ұйымына аударуы.

3. 3-бағанда Елдердің мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес оқу орны елінің коды көрсетіледі (2-бағанда көрсетілген). Егер ұйым – заңды тұлға Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, Қазақстан Республикасының коды көрсетіледі;

4. 4-бағанда ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Баған оқу орны – заңды тұлға Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, толтырылмайды;

5. 5-бағанда ұйымның заңды тіркелу мекенжайы көрсетіледі: елді мекен, көше, үй, кеңсе;

6. 6-бағанда ұйымның ресми интернет-ресурсы (бар болса) көрсетіледі;

7. 7-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты орындау кезінде тартылған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және оқу орнына (2-бағанда көрсетілген) оқуға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға бағытталған жұмыскердің немесе Кодекстің 129-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және 178-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес көмірсутектер және уран өндіру саласындағы құзыретті органмен келісілген Аса қажетті мамандықтар тізбесі бойынша оқуға жіберілген Қазақстан Республикасы азаматының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік бюджетке ақшалай қаражат аудару арқылы немесе оқу орнының материалдық-техникалық базасын жақсарту шеңберінде тауарларды сатып алу кезінде келісімшарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда, баған толтырылмайды;

8. 8-бағанда тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) 7-бағанда көрсетілген Қазақстан Республикасы азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

8-баған жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік бюджетке ақшалай қаражат аудару арқылы немесе оқу орнының материалдық-техникалық базасын жақсарту шеңберінде тауарларды сатып алу кезінде келісімшарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда толтырылмайды.

9. 9-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты орындау кезінде тартылған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және оқуға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға бағытталған жұмыскердің лауазымы/кәсібі көрсетіледі.

Баған жер қойнауын пайдаланушының жұмыскері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматы Аса қажетті мамандықтар тізбесі бойынша оқуға жіберілгенде, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік бюджетке ақшалай қаражат аудару арқылы немесе оқу орнының материалдық-техникалық базасын жақсарту шеңберінде тауарларды сатып алу кезінде келісімшарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда толтырылмайды;

10. 10-бағанда Аса қажетті мамандықтар тізбесі бойынша мамандық атауы көрсетіледі;

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық міндеттемелерді мемлекеттік бюджетке ақша қаражатын аудару арқылы орындаған жағдайда немесе Кодекстің 129-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және 178-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына

сәйкес оқу орнының материалдық-техникалық базасын жақсарту шеңберінде тауарларды сатып алған кезде жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға жіберген кезде баған толтырылмайды;

11. 11-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының азаматын (7-бағанда көрсетілген) оқу орнында (2-бағанда көрсетілген) оқытуға жұмсалған сома мың теңгемен немесе мемлекеттік бюджетке аударылған сома мың теңгемен көрсетіледі;

12. 12-бағанда Қазақстан Республикасының азаматын (7-бағанда көрсетілген) оқу орнында (2-бағанда көрсетілген) оқыту барысында қалыптасқан жанама шығыстардың (жол жүру, тұру, тәулікақы) сомасы қосылған құн салығын есепке алғанда мың теңгемен көрсетіледі;

13. 13-бағанда кадрларды тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жер қойнауын пайдалану саласымен тікелей байланысты мамандықтар бойынша (2-бағанда көрсетілген) даярлауды іске асыратын білім беру ұйымдарының (оның ішінде қолданыстағы кен орындарында орналасқан оқу (тәжірибелік-зерттеу) полигондарының) материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған және көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органдармен келісілген тауарлардың тізбесі бойынша сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және (немесе) қызметтердің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы көрсетіледі.

Баған жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық міндеттемелерді:

жер қойнауын пайдаланушының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында кадрларды жер қойнауын пайдалану саласымен байланысты мамандықтар бойынша даярлауды іске асыратын білім беру ұйымдарымен (оның ішінде қолданыстағы кен орындарында орналасқан оқу (тәжірибелік-зерттеу) полигондарынмен) (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) бірлесіп, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті, және көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органдармен келісілген тауарлар тізбесі бойынша тауарларды сатып алуы;

жер қойнауын пайдаланушының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы білім беру ұйымымен бірлесіп ұсынған және көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарлардың тізбесі бойынша сатып алу үшін ақшалай қаражатты білім беру ұйымына аударуы арқылы орындаған жағдайда ғана толтырылады.

14. 14-бағанда оқу орны (2-бағанда көрсетілген) үшін Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 196 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17122 болып тіркелген) Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес, тауарларды сатып алуға жұмсалған сома көрсетіледі, қосылған құн салығын есептемегенде, мың теңгемен.

Баған жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық міндеттемелерді:

жер қойнауын пайдаланушының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында кадрларды жер қойнауын пайдалану саласымен байланысты мамандықтар бойынша даярлауды іске асыратын білім беру ұйымдарымен (оның ішінде қолданыстағы кен орындарында орналасқан оқу (тәжірибелік-зерттеу) полигондарымен) (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) бірлесіп, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті, және көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органдармен келісілген тауарлар тізбесі бойынша тауарларды сатып алуы;

жер қойнауын пайдаланушының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы білім беру ұйымымен бірлесіп ұсынған және көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарлардың тізбесі бойынша сатып алу үшін ақшалай қаражатты білім беру ұйымына аударуы арқылы орындаған жағдайда ғана толтырылады.

15. 15-бағанда Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасына сәйкес, сомалардың (11-бағанда немесе 14-бағанда көрсетілген) ұйымға (2-бағанда көрсетілген) нақты жіберілуін растайтын төлем құжатының нөмірі (сандық, әріптік және/немесе символдық көріністе) көрсетіледі.

Төлем құжатында берілген нөмірі болмаған жағдайда, бағанда "нөмірі жоқ" мәні көрсетіледі;

16. 16-бағанда ақшалай қаражаттың ұйымға (2-бағанда көрсетілген) жіберілуін растайтын төлем тапсырмасының (15-бағанда көрсетілген) күні (күн, ай және жыл) "күн/ай/жыл" пішімінде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 31 мамырдағы
№ 194 Бұйрыққа
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Мөр орны _____

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалардан басқа)

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға 1-қосымшада келтірілген.

Ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысанына

1-қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

"Ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп"

(ҒЗТКЖ-4, тоқсан сайын)

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі ;

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар сатып алынған шарттың нөмірі көрсетіледі;

3. 3-бағанда шарттың жасалған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

4. 4-бағанда шарт қолданысының аяқталу күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

5. 5-бағанда ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы көрсетіледі;

6. 6-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда, шарттың жалпы сомасы (жүздік үлесімен бөлшек сан) мың теңгемен көрсетіледі;

7. 7-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда, шарт бойынша есепті кезең үшін нақты төленген сома (жүздік үлесімен бөлшек сан) көрсетіледі;

8. 8-бағанда ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды сатып алудың тәсілін көрсетеді;

1) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды Кодекске сәйкес, ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысанына 2-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысанына 2-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар;

9. 9-бағанда жеткізушінің атауы көрсетіледі. Егер жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, атау заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтамаға сәйкес (заңды тұлғалар үшін) және жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәлікке сәйкес (жеке тұлғалар үшін) көрсетіледі;

10. 10-бағанда жеткізушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. 10-баған жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда толтырылмайды;

11. 11-бағанда Елдердің мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жеткізушінің елі көрсетіледі. Егер жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, 11-бағанда Қазақстан Республикасының коды көрсетіледі.

12. 12-бағанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларына сәйкес ғылым саласындағы уәкілетті орган берген жеткізушіні аккредиттеу туралы куәліктің сериясы, нөмірі және күні көрсетіледі

Егер жеткізуші дербес білім беру ұйымы және оның ұйымы болып табылса, 12-баған толтырылмайды.

Ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысанына 2-қосымша

1-кесте

Сатып алу коды	Атауы
101	Ашық конкурс
102	Бір көзден алу
103	Төмендету әдісімен ашық конкурс (электрондық сауда-саттық)
104	Тауар биржаларында

105	Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тәсілдерді қолданбай сатып алу*
-----	---

2-кесте

Сатып алу коды	Атауы
201	Тендер
202	Аукцион
203	Баға ұсыныстарын сұрату
204	Бір көзден алу
205	Тауар биржалары арқылы
206	Электрондық дүкен арқылы

* Кодекстің 131-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4 тармақшаларында және 179-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) тармақшаларында көрсетілген тәсілдерді қолданбай.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 31 мамырдағы
№ 194 Бұйрыққа
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
5-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Қайда ұсынылады: көмірсутектер және уран өндіру жөніндегі уәкілетті орган

Әкімшілік деректер нысаны <https://egsu.energo.gov.kz> интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ЛКТ-5

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: тоқсан

Ақпарат ұсынатын тұлғалар аясы: көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей

20_ жылғы _____ бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп

Жер қойнауын пайдаланушының атауы	
Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі/жасалған күні	
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі	
Жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны	

Инвестор(-лар)/ел(-дер)				
Үлестік қатысу (акциялардың %)				
Келісімшарттық аумақ/орналасқан орны, алаң, учаске				
Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданыс мерзімі				
Жер қойнауын пайдалану құқығын алу тәсілі				
Байланыс мекенжайы (заңды тұлғалар үшін тіркелген кеңсе)				
Баптардың атауы	Жолдар шифрі	Өлшем бірлігі	Келісімшарт бойынша талап	Жыл басынан нақты
А	Б	В	1	2
Қаржылық міндеттемелер, барлығы	500	миллион теңге		
		мың теңге		
Инвестициялар, барлығы	501	миллион теңге		
		мың теңге		
Оның ішінде: күрделі қаржы шығыны, барлығы	503	миллион теңге		
		мың теңге		
Барлау (барлауға арналған келісімшарттар үшін толтырылады)				
Барлауға арналған шығыстар, барлығы	509	миллион теңге		
Геофизикалық жұмыстар:	200	миллион теңге		
сейсмосбарлау, сейсмосбарлау деректерін өңдеу, түсіндіру, қайта түсіндіру	201	кума метр		
		ш а р ш ы километр		
грависбарлау	202	нүктелер		
магниттік барлау	203	ш а р ш ы километр		
бұрғылау жұмыстары	204	миллион теңге		
		кума метр		
		ұңғымалар		
объектілерді сынамалау және сынау	205	миллион теңге		
		объектілер		

гидрогеологиялық	206	миллион теңге		
		бригада/ауысым		
инженерлік-геологиялық	207	миллион теңге		
		бригада/ауысым		
геологиялық барлау бойынша өзге шығыстар	208	миллион теңге		
Ұңғымаларды сынау кезіндегі өндіру көлемі (сынамалы пайдалану, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру): мұнайдың	511	мың тонна		
газдың		миллион текше метр		
конденсаттың		тысяч тонн		
қабатқа айдау: суды	209	мың текше метр		
газды		мың текше метр		
Ішкі нарыққа өткізу көлемі: мұнай	512	мың тонна		
газ		миллион текше метр		
конденсат		мың тонна		
Өндіру (өндіруге арналған келісімшарттар үшін толтырылады)				
Өндіруге арналған шығыстар, барлығы	510	миллион теңге		
		мың теңге		
оның ішінде пайдалану мақсатындағы бұрғылау	210	миллион теңге		
		кума метр		
		ұңғымалар		
тор тығыздығы		метр		
өндіру бойынша басқа шығыстар (ұңғымаларды қайта іске қосу, жөндеу)	211	миллион теңге		

тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасы	109	мың теңге		
кен орнын игеру жобасы	110	мың теңге		
тау-кен дайындық жұмыстары	111	кума метр		
		мың текше метр		
тілмелеу жұмыстары	112	кума метр		
		мың текше метр		
пайдалану-барлау жұмыстары	113	кума метр		
		мың текше метр		
сынамалау	114	сынамалар		
өндіру көлемі: мұнай	511	мың тонна		
газ		миллион текше метр		
конденсат		мың тонна		
жойылған мұнай қамбаларының ауданы	212	шаршы метр		
кәдеге жаратылған газ көлемі	213	мың текше метр		
жағылған газ көлемі	214	мың текше метр		
қабатқа айдау: суды	215	мың текше метр		
газды		мың текше метр		
Ішкі нарыққа өткізу көлемі: мұнай	512	мың тонна		
газ		миллион текше метр		
конденсат		мың тонна		
Экспортқа өткізу көлемі: мұнай	513	мың тонна		
газ		миллион текше метр		
конденсат		мың тонна		
Жалпы талаптар (барлауға немесе өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар үшін толтырылады)				

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту	515	миллион теңге		
		мың теңге		
оның ішінде бюджетке аударылды (Бюджеттік сыныптама коды 206114)		миллион теңге		
		мың теңге		
Жер қойнауының жағдайын (ластануын) мониторингілеу	516	миллион теңге		
		мың теңге		
Сақтандыру, барлығы	517	миллион теңге		
		мың теңге		
оның ішінде экологиялық сақтандыру	518	миллион теңге		
		мың теңге		
Жою қорына жасалған аударымдар	519	миллион теңге		
		мың теңге		
Қазақстандық мамандарды оқыту, барлығы	520	миллион теңге		
		мың теңге		
оның ішінде: оқытуға арналған жанама шығындар, барлығы		миллион теңге		
		мың теңге		
Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық		миллион теңге		

жұмыстарға арналған шығыстар	521			
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	522	миллион теңге		
		мың теңге		
аумақтарды қайтару	523	%		
Жанашығыстар, барлығы	524	миллион теңге		
		мың теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	525	миллион теңге		
		мың теңге		
Салықтар мен төлемдер, барлығы	526	миллион теңге		
		мың теңге		
оның ішінде: қол қойылатын бонус	531	миллион теңге		
		мың теңге		
тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем	541	миллион теңге		
		мың теңге		
өзге салықтар мен төлемдер	544	миллион теңге		
		мың теңге		
Келісімшарттық қызмет бойынша жиынтық жылдық табыс	545	миллион теңге		
		мың теңге		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Мөр орны _____

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалардан басқа)

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Лицензиялық-келісімшарттық
талаптардың орындалуы туралы
есеп нысанына
1-қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

"Лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп"

(ЛКТ-5, тоқсан сайын)

1. "жер қойнауын пайдаланушының атауы" бағанында толық және бар болса қысқартылған атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болғанда) көрсетіледі;

2. "жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі және күні" бағанында жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3. "жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі" бағанында барлау және/немесе өндіру көрсетіледі;

4. "жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны" бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны көрсетіледі (мемлекеттік, жеке-меншік, аралас);

5. "инвестор(-лар)/ел(-дер)" бағанында тиісінше елді, инвестордың (-лардың) тіркелуін көрсете отырып, барлауды және/немесе өндіруді жүргізуді инвестициялайтын жер қойнауын пайдаланушының құрылтайшылары немесе ортақ құрылтайшылары болып табылатын немесе қатысудың басқа нысандары бойынша жер қойнауын пайдаланушының инвесторлары болып табылатын компанияның немесе компаниялардың атауы көрсетіледі;

6. "үлестік қатысу" бағанында инвестиция салынатын кәсіпорынның акциялары пакетіндегі құрылтайшының/инвестордың үлесі (%-бен) көрсетіледі;

7. "келісімшарттық аумақ/орналасқан орны, алаң, учаске" бағанында келісімшарттық аумақтың - кен орнының, учаскенің, алаңның, бөлінген блоктың (блоктардың) және т.б. атауы көрсетіледі;

8. "жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданыс мерзімі" бағанында келісімшарт талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану объектісінде жұмыстар жүргізудің белгіленген мерзімі (ұзартулармен) көрсетіледі;

9. "жер қойнауын пайдалану құқығын алу тәсілі" бағанында тендер, аукцион, тікелей келіссөздер, құқықтарды басқаға беру көрсетіледі;

10. "байланыс мекенжайы" бағанында мекенжай, телефон, электрондық мекенжай көрсетіледі;

11. "А" бағанында келісімшарттық талаптардың орындалуын мониторингілеу жүзеге асырылатын баптардың атауы көрсетіледі;

12. "Б" бағанында бап атауына сай келетін жол шифрі көрсетіледі;

13. "В" бағанында көрсеткіштердің өлшем бірлігі көрсетіледі;

14. "1" бағанында көмірсутектерді барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарт талабы бойынша қаржылық міндеттемелер көрсетіледі;

15. "2" бағанында есепті кезеңде өспелі қорытындымен физикалық және/немесе ақшалай (оның ішінде аванстық төлемдер) көріністе міндеттемелердің нақты орындалуы көрсетіледі (физикалық көріністегі орындалған жұмыстар, қызметтер актісі және т.б. бар болған жағдайда ақшалай көріністегі міндеттемелердің нақты орындалуын есептеу әдісімен көрсетуге болады). Көмірсутектерді барлауға және (немесе) өндіруге (миллион теңге) арналған;

16. /500/ "қаржылық міндеттемелер, барлығы" бағанында жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттың міндетті бөлігі (қосымша) болып табылатын және заңнамада белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалық құжаттардың негізінде жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарына сәйкес қабылдаған қаржылық міндеттемелер көрсетіледі және келісімшарт бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған барлық шығыстарды көрсететін ақшалай көріністе қаржылық бөлікті қамтиды (/500/= /501/+ /517/+ /519/+ /524/+ /526/);

17. /501/ "инвестициялар, барлығы" бағанында жер қойнауын пайдалану объектілерін барлауға және/немесе өндіруге арналған инвестициялар (қаржылық емес активтерге, яғни экономиканың нақты секторына арналған инвестициялар), болашақта табыс алу мақсатында келісімшарт бойынша жұмыс істеу үшін қаржы ресурстарының ақшалай көріністегі ұзақ мерзімді салымдары көрсетіледі (/501/= /503/+ /509/+ /510+ /515/+ /516/+ /520/+ /521/);

18. /503/ "Оның ішінде: күрделі қаржы шығыны, барлығы" бағанында негізгі материалдық капиталға инвестициялар (негізгі құралдар) көрсетіледі, ол шығыстардың мынадай баптарын қамтиды: өндірістік инфрақұрылым-ғимараттар – құрылыстар; жайластыру, қайта құру (Автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғысы, лақтыру желілері, далалық лагерь, электр беру желілері және сол сияқтылар); машиналар, жабдықтар; көлік құралдары; қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тазарту құрылыстарына арналған шығындар, яғни негізгі материалдық капиталды пайдалану тиімділігіне және қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға әсер ететін бақылаушы, тазартқыш, ресурс сақтаушы, кәдеге жаратушы жүйелерді орнатуға арналған шығындар;

19. /509/ "барлауға арналған шығыстар, барлығы" бағанында барлауға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес ақшалай көріністе барлау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған тікелей шығыстар көрсетіледі (/509/ = /200/+ /204/+ /205/+ /206/+ /207/+ /208/);

20. /200/ "геофизикалық жұмыстар, барлығы" бағанында геофизикалық зерттеулердің барлық түрлеріне, оның ішінде сейсмосбарлауға, сейсмосбарлау деректерін өңдеуге, түсіндіруге, қайта түсіндіруге арналған шығыстар және геофизикалық жұмыстардың басқа түрлеріне жұмсалған шығыстардың ақшалай көріністегі жалпы сомасы көрсетіледі;

21. /201/ "сейсмосбарлау, сейсмосбарлау деректерін өңдеу, түсіндіру, қайта түсіндіру" бағанында сейсмосбарлау, сейсмосбарлау деректерін өңдеу, түсіндіру, қайта түсіндіру жөніндегі жұмыстардың физикалық көріністегі көлемі көрсетіледі (2D – кума метр, 3D – шаршы километр);

22. /202/ "грависбарлау" бағанында грависбарлау жөніндегі жұмыстардың көлемі көрсетіледі, бұл ретте нүктелердің саны көрсетіледі;

23. /203/ "магниттік барлау" бағанында физикалық көріністегі магниттік барлау жөніндегі жұмыстардың көлемі көрсетіледі (шаршы километр);

24. /204/ "бұрғылау жұмыстары" бағанында ақшалай көріністегі (мың теңге) жалпы шығындар (бұрғылауға, мобилизацияға, демобилизацияға арналған алаң құрылысы, бұрғылауға арналған материалдар, бұрғылау жабдығын/аспаптарын жалға алу, артқы ілмектерді / сүзгілерді орнату, бұрғылау кезінде өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату, ұнғымаларды игеру) және физикалық көріністегі жұмыстар көлемі (кума метр / ұнғымалар саны) көрсетіледі;

25. /205/ "сынамалау және объектілерді сынау" бағанында объектілерді сынамалау мен сынауға (сорғылық-компрессорлық құбырлар, газды каротаж кезіндегі сынақтар, сынау кезінде мұнай мен газ сынамаларын талдау) арналған ақшалай көріністегі (мың теңге) шығындар және бұл ретте сыналатын объектілердің саны көрсетіледі;

26. /206/ "гидрогеологиялық жұмыстар" бағанында жұмыс көлемдері және гидрогеологиялық жұмыстарға арналған ақшалай (мың теңге) және физикалық (бригада/ауысым) көріністегі шығындар көрсетіледі;

27. /207/ "инженерлік-геологиялық жұмыстар" бағанында жұмыс көлемдері және инженерлік-геологиялық жұмыстарға арналған ақшалай (мың теңге) және физикалық (бригада/ауысым) көріністегі шығындар көрсетіледі;

28. /208/ "өзге жұмыстар" бағанында келісімшарттық объектілерде барлаумен байланысты басқа жұмыстарға (ұнғымаларды қайта іске қосу, оңалту, жөндеу, олардың іссіз тұруы, бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде объектіде жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың тамақтануы/тұруы, бақылау-қадағалау қызметтері, көлік, байланыс, электр энергиясы (өндірістік мақсаттағы) арналған ақшалай көріністегі шығындар көрсетіледі;

29. /511/ "ұңғымаларды сынау кезіндегі өндіру көлемі (сынамалы пайдалану, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру)" бағанында мұнай көлемі мың тоннамен, газ көлемі миллион текше метрмен, конденсат көлемі мың тоннамен көрсетіледі;

30. /209/ "қабатқа суды/газды айдау" бағанында қабат қысымын сақтап тұру үшін қабатқа айдалатын судың/газдың физикалық көріністегі көлемі мың текше метрмен көрсетіледі;

31. /512/ "ішкі нарыққа өткізу көлемі" бағанында есепті кезеңде ішкі нарыққа өткізілген көмірсутек шикізатының өткізу көлемдері көрсетіледі: мұнай мың тоннамен, газ миллион текше метрмен, конденсат мың тоннамен;

32. /510/ "көмірсутектерді өндіруге арналған шығыстар, барлығы" бағанында келісімшартқа тәжірибелік-өнеркәсіптік, өнеркәсіптік игеру жобасына сәйкес өндіруге арналған ақшалай көріністегі жиынтық шығындар көрсетіледі (/510/= /210/+ /211/) (мың теңге);

33. /210/ "пайдалану мақсатындағы бұрғылау" бағанында жұмыстар көлемі мен көмірсутек шикізатын өндіру кезінде пайдалану мақсатындағы бұрғылауға арналған жұмыстар мен шығыстардың ақшалай және физикалық (кума метр) көріністегі көлемдері көрсетіледі, бұл ретте ұңғымалардың саны көрсетіледі;

34. /211/ "өндіру бойынша басқа шығыстар" бағанында көмірсутек шикізатын өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде орын алатын қосымша жұмыстарға жұмсалатын, бірақ осы нысанда ақшалай көріністе бөліп көрсетілмеген шығындар (жөндеуді қоса, машиналар мен жабдықтарды (бұрғылау жабдығын, технологиялық көлікті, техниканы және т.б.) жалға алу, бұрғылау аспабы, жанар-жағармай материалдары және арнайы сұйықтықтар, аспап, құтқару жұмыстары, қосалқы бөлшектер, жалақы, (басқару аппаратының жалақысынан басқа), дәрі-дәрмектер (өндірісте пайдаланылатын), жұмыскерлерді тамақтандыру, олардың тұруы, кен орнына (жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттық объектісіне) дейін жол жүруі, қорғау және қауіпсіздік бойынша басқа шығындар, өндірістік мақсаттағы негізгі құралдарды жөндеу жөніндегі шығындар (негізгі құралдардың құнын арттыратын қосалқы бөлшектерге жұмсалған шығындардан басқа), арнайы киім, машиналарға техникалық қызмет көрсету, басқа ұйымдардың қызметтері, байланыс, электр энергиясы (өндірістік мақсаттағы) көрсетіледі;

35. /511/ "көмірсутектерді өндіру көлемі" бағанында мұнай (мың тонна), газ (миллион текше метр), конденсат (мың тонна) өндірудің физикалық көлемдері көрсетіледі;

36. /212/ "жойылған мұнай қамбаларының ауданы" бағанында есепті кезеңде жойылған мұнай қамбаларының физикалық көріністегі (шаршы метр) ауданы көрсетіледі;

37. /213/ "кәдеге жаратылған газ көлемі" бағанында есепті кезеңде кәдеге жаратылған газдың физикалық көріністегі (мың текше метр) көлемі көрсетіледі;

38. /214/ "жағылған газ көлемі" бағанында есепті кезеңде жағылған газдың физикалық көріністегі (мың текше метр) көлемі көрсетіледі;
39. /215/ "қабатқа суды/газды айдау" бағанында қабат қысымын сақтап тұру үшін қабатқа айдалатын судың / газдың физикалық көріністегі (мың текше метр) көлемі көрсетіледі;
40. /512/ "ішкі нарыққа өткізу көлемі" бағанында есепті кезеңде ішкі нарыққа физикалық көріністе өткізілген көмірсутектер көлемдері көрсетіледі: мұнай (мың тонна), газ (миллион текше метр), конденсат (мың тонна);
41. /513/ "экспортқа өткізу көлемі" бағанында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан мұнайды (мың тонна), газды (миллион текше метр), конденсатты (мың тонна) шығару көлемдері көрсетіледі;
42. /515/ "өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту" бағанында жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымы объектілерін дамытуға және қолдауға бағыттайтын шығындары, сондай-ақ ол осы мақсаттарға мемлекеттік бюджетке (бюджеттік сыныптама коды 206114) ақшалай көріністе аударатын қаражат көрсетіледі;
43. /516/ "жер қойнауының жағдайын (ластануын) мониторингілеу" бағанында қадағалау жүйесін жасау мен күтіп ұстауға және қоршаған табиғи ортаның жағдайына мониторинг, оның ішінде радиациялық мониторинг пен жалпы экологиялық мониторинг жүргізуге арналған ақшалай көріністегі шығыстар көрсетіледі;
44. /517/ "сақтандыру" бағанында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде сақтандыруға жасалатын аудармалардың ақшалай көріністегі сомасы (келісімшарт бойынша қызметпен байланысты міндетті және ерікті сақтандырудың барлық түрлері: көлікті, мүлікті, үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті, жұмыскерлерге зиян келтіргені үшін сақтандыру және басқа түрлері) көрсетіледі;
45. /518/ "оның ішінде экологиялық сақтандыру" бағанында қоршаған ортаны ластау үшін жауапкершілікті сақтандыруға арналған аударымдар сомасы көрсетіледі. Есепті жасау кезінде "талап" бағанында сақтандыру сомасы көрсетілетіндігін ескеру қажет. "Нақты" бағанында нақты төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы;
46. /519/ "жою қоры" бағанында Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін кепілдің нысанасы болып табылатын банк салымы көрсетіледі, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасында және кен орнын игеру жобасында белгіленген соманың мөлшерінде жоспарлы өндіру көлемдеріне пропорционалды ақшалай көріністегі (мың теңге) ақшалай жарна арқылы қалыптасады (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгесі көзделмесе). Осы баған "Жер

қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша толтырылады;

47. /520/ "қазақстандық мамандарды оқыту, барлығы" бағанында өткен жылдың қорытындылары бойынша өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы шеккен өндіруге арналған шығындардың бір пайызы мөлшерінде (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгеше көзделмесе) қосылған құн салығын және салықтардың басқа түрлерін есепке алмағанда ақшалай мәнде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру көлемі көрсетіледі, оның ішінде: қосылған құн салығымен есепке алынатын оқытумен байланысты жанама шығыстар (жол жүру, тұру, тәулікақы);

48. /521/ "ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындар" бағанында жер қойнауын пайдаланушы алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша өндіру кезеңінде өндіруге жұмсаған шығыстардың бір пайызы мөлшерінде ақшалай көріністе қосылған құн салығын есепке алмағанда ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру мөлшері (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгесі көзделмесе) көрсетіледі;

49. /522/ "оның ішінде: Қазақстан Республикасының аумағында" бағанында ақшалай көріністе қосылған құн салығын есепке алмағанда Қазақстан аумағында ғылыми-зерттеу институттарының және тәжірибелік-конструкторлық бюролардың жұмысын жүргізу үшін жұмсалған шығындар сомасы көрсетіледі;

50. /523/ "аумақтарды қайтару" бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес келісімшарттық аумақтың бастапқы ауданына пайыздық қатынаста келісімшарттық аумақтың қайтарылуы көрсетіледі;

51. /524/ "жанама шығындар" бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды жүргізу кезінде ақшалай көріністегі жанама шығындар көрсетіледі, олар есепті кезеңдегі әкімшілік үстеме шығындарды қамтиды (кеңселерді жалға алу / күтіп ұстау, басқару аппаратын күтіп ұстау, бухгалтерлік есеп жүргізу, іссапар шығындары, сыйлықақылар, жеке үстемелер, тұрғын үймен қамтамасыз ету, қызметтердің (өкілдік, консультациялық, аудиторлық, құқықтық, банк, аударма, нотариалдық, пошта, бұқаралық ақпарат құралдары, жарнама) ақысын төлеу, кеңсе техникасына, бағдарламалық жасақтамаға қызмет көрсету, материалдық және медициналық жәрдем (дәрі-дәрмектерді қоса), медициналық және санитарлық-гигиеналық бақылау, нормативтен жоғары оқыту, баспа жазылымы, байланыс қызметтері (ұялы, транкингтік, қалааралық), коммуналдық төлемдер, әкімшілік персоналды тамақтандыру, кеңсені күзету, өрт қауіпсіздігі, интернет, жерсеріктік телевизия, көлікті жалға алу, бензин, отын, әкімшілік мақсаттағы жағармай материалдары);

52. /525/ "оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында" бағанында Қазақстан аумағындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес жанама шығыстар сомасы көрсетіледі;

53. /526/ "салықтар мен төлемдер, барлығы" бағанында жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет бюджетіне (республикалық, жергілікті) төлейтін барлық жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар түрлерінің, төлемдер мен алымдардың сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық шығындарды жоспарлау кезінде кейіннен есепті кезеңде түзетумен келісімшартқа Жұмыс бағдарламасында көрсетілген салықтар сомасын көздейді. "Талап" бағанында орындалған жұмыстар мен шығыстардың нақты көлеміне есептелген салықтардың сомалары, "нақты" бағанында ақшалай көріністе нақты төленген сома көрсетіледі (/526/= /531/+ /541/+ /544/);

54. /531/ "қол қойылатын бонус" бағанында жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті іске асыруды пайдалану құқығына тиянақталған бір жолғы төлем сомасы көрсетіледі, бұл ретте ұлттық компания жер қойнауын пайдаланушы ретінде әрекет ететін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша Қазақстан Республикасының пайдасына қол қойылатын бонусты оның стратегиялық серіктесі төлейді, егер осындай серіктеспен бірлескен қызмет туралы шартта басқасы көзделмесе (мың теңге);

55. /541/ "тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер" бағанында жер қойнауын пайдаланушы төлейтін, осы келісімшарттық аумақты барлаумен және онда ашылған кен орындарын абаттандырумен байланысты мемлекеттің өткен шығындары көрсетіледі (геологиялық ақпаратты сатып алу үшін төлемді қамтиды). Тарихи шығындар сомасы келісімшарттық аумақ бойынша объектінің геологиялық-геофизикалық зерттелгендігінің күйін анықтауға арналған мемлекеттің ақшалай көріністе барлық нақты шығындарын түгендеу негізінде айқындалады;

56. /544/ "өзге салықтар мен төлемдер" бағанында осы есептілік нысанында бөліп көрсетілмеген, бірақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде орын алатын ақшалай көріністегі басқа салықтар мен төлемдер көрсетіледі;

57. /545/ "келісімшарттық қызмет бойынша жиынтық жылдық табыс" бағанында Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жиынтық жылдық табысқа қосылатын келісімшарттық қызмет бойынша табыс көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
6 қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Қайда ұсынылады: уран өндіру саласындағы уәкілетті орган

Әкімшілік деректер нысаны <https://egsu.energo.gov.kz> интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ЛКТ-6

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: тоқсан

Ақпарат ұсынатын тұлғалар аясы: "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған уран барлауға өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылар, уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей

20_ жылғы _____ бойынша келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп

Жер қойнауын пайдаланушының атауы				
Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі және жасалған күні				
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі				
Жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны				
Инвестор(-лар)/ел(-дер)				
Үлестік қатысу (акциялардың %)				
Келісімшарттық аумақ/орналасқан орны, алаң, учаске				
Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданыс мерзімі				
Жер қойнауын пайдалану құқығын алу тәсілі				
Баптардың атауы	Жолдар шифрі	Өлшем бірлігі	Келісімшарт бойынша талап	Жыл басынан нақты
А	Б	В	1	2
Қаржылық міндеттемелер, барлығы	500	мың теңге		
Инвестициялар, барлығы	501	мың теңге		
Оның ішінде: күрделі				

шығындар, барлығы	503	мың теңге		
Барлау (барлауға арналған келісімшарттар үшін толтырылады)				
Барлауға/ қосымша барлауға арналған шығындар, барлығы, оның ішінде	509	мың теңге		
геофизикалық жұмыстар	200	мың теңге		
бұрғылау жұмыстары	201	мың теңге		
		қума метр		
		ұңғыма		
Гидрогеологиял ық жұмыстар	202	мың теңге		
		ұңғыма		
геологиялық барлау/қосымша барлау бойынша өзге шығындар	203	мың теңге		
Өндіру (өндіруге арналған келісімшарттар үшін толтырылады)				
Өндіруге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде	510	мың теңге		
тау-кен дайындық жұмыстары	204	мың теңге		
		қума метр		
		ұңғыма		
уран өндіру/ қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар	205	мың теңге		
өндіру көлемі: уран	511	тонна		
өнімді ерітіндіден алынған уран көлемі	116	тонна		
өнімді ерітіндідегі уран құрамы	117	миллиграмм/ грамм		

Ішкі нарыққа өткізу көлемі: уран	512	тонна		
Экспортқа өткізу көлемі: уран	513	тонна		
Жалпы талаптар (барлауға, өндіруге арналған келісімшарттар үшін толтырылады)				
Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту	515	мың теңге		
оның ішінде бюджетке аударылды (бюджеттік сыныптама коды 206114)		мың теңге		
Жер қойнауының жағдайын (ластануын) мониторингілеу	516	мың теңге		
Сақтандыру, барлығы	517	мың теңге		
		мың теңге		
оның ішінде экологиялық сақтандыру	518	мың теңге		
Жою қорына жасалған аударымдар	519	мың теңге		
Қазақстандық мамандарды оқыту, барлығы	520	мың теңге		
оның ішінде: оқытуға арналған жанама шығындар, барлығы		мың теңге		
Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық		мың теңге		

жұмыстарға арналған шығыстар	521			
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	522	мың теңге		
аумақтарды қайтару	523	%		
Жанашығыстар, барлығы	524	мың теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	525	мың теңге		
Салықтар мен төлемдер, барлығы	526	мың теңге		
оның ішінде: қол қойылатын бонус	531	мың теңге		
тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем	541	мың теңге		
өзге салықтар мен төлемдер	544	мың теңге		
Келісімшарттық қызмет бойынша жиынтық жылдық табыс	545	мың теңге		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Мөр орны _____

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалардан басқа)

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Келісімшарттық талаптардың
орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме
"Келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп"
(ЛКТ-6, тоқсан сайын)

1. "жер қойнауын пайдаланушының атауы" бағанында толық және бар болса қысқартылған атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болғанда) көрсетіледі;
2. "жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі және күні" бағанында жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
3. "жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі" бағанында уранды барлау немесе өндіру көрсетіледі;
4. "жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны" бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны көрсетіледі (мемлекеттік, жеке-меншік, аралас);
5. "инвестор(-лар)/ел(-дер)" бағанында тиісінше елді, инвестордың (-лардың) тіркелуін көрсете отырып, барлауды және/немесе өндіруді жүргізуді инвестициялайтын жер қойнауын пайдаланушының құрылтайшылары немесе ортақ құрылтайшылары болып табылатын немесе қатысудың басқа нысандары бойынша жер қойнауын пайдаланушының инвесторлары болып табылатын компанияның немесе компаниялардың атауы көрсетіледі;
6. "үлестік қатысу" бағанында инвестиция салынатын кәсіпорынның акциялары пакетіндегі құрылтайшының/инвестордың үлесі (%-бен) көрсетіледі;
7. "келісімшарттық аумақ/орналасқан орны, алаң, учаске" бағанында келісімшарттық аумақтың - кен орнының, учаскенің, алаңның, бөлінген блоктың (блоктардың) және т.б. атауы көрсетіледі;
8. "жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданыс мерзімі" бағанында келісімшарт талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану объектісінде жұмыстар жүргізудің белгіленген мерзімі (ұзартулармен) көрсетіледі;
9. "жер қойнауын пайдалану құқығын алу тәсілі" бағанында тендер, аукцион, тікелей келіссөздер, құқықтарды басқаға беру көрсетіледі;
10. "байланыс мекенжайы" бағанында мекенжай, телефон, электрондық мекенжай көрсетіледі;
11. "А" бағанында келісімшарттық талаптардың орындалуын мониторингілеу жүзеге асырылатын баптардың атауы көрсетіледі;
12. "Б" бағанында бап атауына сай келетін жол шифрі көрсетіледі;
13. "В" бағанында көрсеткіштердің өлшем бірлігі көрсетіледі;

14. "1" бағанында уранды барлауға арналған келісімшарттың немесе уран өндіруге арналған келісімшарттың талабы бойынша қаржылық міндеттемелер көрсетіледі (мың теңге);

15. "2" бағанында есепті кезеңде өспелі қорытындымен физикалық және/немесе ақшалай (оның ішінде аванстық төлемдер) көріністе міндеттемелердің нақты орындалуы көрсетіледі (физикалық көріністегі орындалған жұмыстар, қызметтер актісі және т.б. бар болған жағдайда ақшалай көріністегі міндеттемелердің нақты орындалуын есептеу әдісімен көрсетуге болады). Уранды барлауға немесе уранды өндіруге арналған (мың теңге);

16. /500/ "қаржылық міндеттемелер, барлығы" бағанында жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттың міндетті бөлігі (қосымша) болып табылатын және заңнамада белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалық құжаттардың негізінде жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарына сәйкес қабылдаған қаржылық міндеттемелер көрсетіледі және келісімшарт бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған барлық шығыстарды көрсететін қаржылық бөлікті қамтуға тиіс (/500/= /501/+ /517/+ /519/+ /524/+ /526/);

17. /501/ "инвестициялар, барлығы" бағанында жер қойнауын пайдалану объектілерін барлауға және/немесе өндіруге арналған инвестициялар (қаржылық емес активтерге, яғни экономиканың нақты секторына арналған инвестициялар), болашақта табыс алу мақсатында келісімшарт бойынша жұмыс істеу үшін қаржы ресурстарының ақшалай көріністегі ұзақ мерзімді салымдары көрсетіледі (/501/= /503/+ /509/+ /510/+ /515/+ /516/+ /520/+ /521/);

18. /503/ "Оның ішінде: күрделі шығындар, барлығы" бағанында негізгі материалдық капиталға инвестициялар (негізгі құралдар) көрсетіледі, ол шығыстардың мынадай баптарын қамтиды: өндірістік инфрақұрылым-ғимараттар – құрылыстар; жайластыру, қайта құру (автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғысы, лақтыру желілері, далалық лагерь, электр беру желілері және сол сияқтылар); Машиналар, жабдықтар; көлік құралдары; қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тазарту құрылыстарына арналған шығындар, яғни негізгі материалдық капиталды пайдалану тиімділігіне және қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға әсер ететін бақылаушы, тазартқыш, ресурс сақтаушы, кәдеге жаратушы және басқа жүйелерді орнатуға арналған шығындар;

19. /509/ "барлауға / қосымша барлауға арналған шығындар, барлығы" бағанында барлауға/қосымша барлауға (жете зерттеуге) арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес барлау бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған ақшалай мәндегі тікелей шығындар көрсетіледі (/509/ = /200/+ /201/+ /202/+ /203/);

20. /200/ "геофизикалық жұмыстар, барлығы" бағанында геофизикалық зерттеулердің барлық түрлеріне, оның ішінде сейсмосбарлауға, сейсмосбарлау деректерін өңдеуге, түсіндіруге, қайта түсіндіруге арналған шығыстар және геофизикалық

жұмыстардың басқа түрлеріне жұмсалған шығыстардың ақшалай көріністегі жалпы сомасы көрсетіледі;

21. /201/ "бұрғылау жұмыстары" бағанында ақшалай көріністегі (мың теңге) жиынтық шығындар (ұңғымаларды салу, бұрғылауға арналған материалдар, бұрғылау жабдықтарын/құралдарын жалға алу, бұрғылау кезінде өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату, ұңғымаларды игеру және басқалар) және физикалық көріністегі жұмыстар көлемі (кума метр / ұңғымалар саны) көрсетіледі;

22. /202/ "гидрогеологиялық жұмыстар" бағанында жұмыс көлемдері және гидрогеологиялық жұмыстарға арналған ақшалай (мың теңге) және физикалық (бригада/ауысым) көріністегі шығындар көрсетіледі;

23. /203/ "өзге жұмыстар" бағанында келісімшарттық объектілерде барлаумен байланысты басқа жұмыстарға (ұңғымаларды қайта іске қосу, оңалту, жөндеу, олардың іссіз тұруы, бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде объектіде жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың тамақтануы/тұруы, бақылау-қадағалау қызметтері, көлік, байланыс, электр энергиясы (өндірістік мақсаттағы) және т.б.) арналған ақшалай көріністегі шығындар көрсетіледі;

24. /510/ "уранды өндіруге арналған шығындар, барлығы" бағанында ақшалай мәндегі өндіруге арналған жиынтық шығындар (мың теңге) көрсетіледі (/510/=204/+205/);

/204/ "тау-кен-дайындық жұмыстары" бағанында өндіру кезінде жүргізілетін геологиялық-барлау жұмыстарының ақшалай (мың теңге) және нақты мәндегі (кума метр, ұңғымалар) көлемі көрсетіледі.

25. /205/ "өндіру бойынша басқа шығыстар" бағанында уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде орын алған, бірақ осы нысанда ақшалай түрде бөлінбеген қосымша жұмыстарға (жөндеуді (бұрғылау жабдығын, технологиялық көлікті, техниканы және т. б.) қоса алғанда, машиналар мен жабдықтарды жалға алу, блоктарды салу және бұрғылау, техникалық торапты қышқылдандыру, қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтар, химиялық реагенттер, құтқару жұмыстары, қосалқы бөлшектер, жалақы (басқару аппаратының жалақысынан басқа), дәрі-дәрмектер (өндірістік мақсаттағы), қызметкерлердің, кен орнына (жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттық объектісіне) өту, қорғау және қауіпсіздік жөніндегі өзге де шығыстар, өндірістік мақсаттағы негізгі құралдарды (негізгі құралдардың құнын ұлғайтатын қосалқы бөлшектерге арналған шығындардан басқа) жөндеу жөніндегі шығыстар, арнайы киім, машиналарға техникалық қызмет көрсету, кәсіби тексеру, медициналық тексеру, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, бөгде ұйымдардың қызметтері, байланыс, электр энергиясы (өндірістік мақсаттағы) ақшалай көріністе (мың теңге) көрсетіледі.

26. /511/ "уран өндіру көлемдері" бағанында уран өндірудің физикалық көлемдері (тонна) көрсетіледі;

27. /116/ "өнімді ерітіндіден алынған уран көлемі" бағанында тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасында және кен орнын игеру жобасында көзделген тәртіппен уранды алу көлемі тоннамен көрсетіледі;

28. /117/"өнімді ерітіндідегі уран құрамы" бағанында өнімді ерітіндідегі уран құрамы миллиграммен/граммен көрсетіледі;

29. /512/ "ішкі нарыққа өткізу көлемі" бағанында есепті кезеңде ішкі нарыққа физикалық көріністе өткізілген уранның көлемдері көрсетіледі (тонна);

30. /513/ "экспортқа өткізу көлемі" бағанында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан уранды (тонна) шығару көлемдері көрсетіледі;

31. /515/ "өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту" бағанында жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымы объектілерін дамытуға және қолдауға бағыттайтын шығындары, сондай-ақ ол осы мақсаттарға мемлекеттік бюджетке (Бюджеттік сыныптама коды 206114) ақшалай көріністе аударатын қаражат көрсетіледі;

32. 516/ "жер қойнауының жағдайын (ластануын) мониторингілеу" бағанында қадағалау жүйесін жасау мен күтіп ұстауға және қоршаған табиғи ортаның жағдайына мониторинг, оның ішінде радиациялық мониторинг пен жалпы экологиялық мониторинг жүргізуге арналған ақшалай көріністегі шығыстар көрсетіледі;

33. /517/ "сақтандыру" бағанында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде сақтандыруға жасалатын аудармалардың ақшалай көріністегі сомасы (келісімшарт бойынша қызметпен байланысты міндетті және ерікті сақтандырудың барлық түрлері: көлікті, мүлікті, үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті, жұмыскерлерге зиян келтіргені үшін сақтандыру және басқа түрлері) көрсетіледі (мың теңге);

34. /518/ "оның ішінде экологиялық сақтандыру" бағанында қоршаған ортаны ластау үшін жауапкершілікті сақтандыруға арналған аударымдар сомасы көрсетіледі. Есепті жасау кезінде "талап" бағанында сақтандыру сомасы көрсетілетіндігін ескеру қажет. "Нақты" бағанында нақты төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы;

35. /519/ "жою қоры" бағанында Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін кепілдің нысанасы болып табылатын банк салымы көрсетіледі, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасында және кен орнын игеру жобасында белгіленген соманың мөлшерінде жоспарлы өндіру көлемдеріне пропорционалды ақшалай көріністегі (мың теңге) ақшалай жарна арқылы қалыптасады (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгесі көзделмесе). Осы баған "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша толтырылады;

36. /520/ "қазақстандық мамандарды оқыту, барлығы" бағанында өткен жылдың қорытындылары бойынша өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы шеккен өндіруге арналған шығындардың бір пайызы мөлшерінде (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгеше көзделмесе) қосылған құн салығын және салықтардың басқа түрлерін есепке алмағанда ақшалай көріністе (мың теңге) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру көлемі көрсетіледі, оның ішінде: қосылған құн салығымен есепке алынатын оқытуға байланысты жанама шығыстар (жол жүру, тұру, тәулікақы);

37. /521/ "ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындар" бағанында жер қойнауын пайдаланушы алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша өндіру кезеңінде өндіруге жұмсаған шығыстардың бір пайызы мөлшерінде ақшалай көріністе қосылған құн салығын есепке алмағанда ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру мөлшері (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгесі көзделмесе) көрсетіледі;

38. /522/ "оның ішінде: Қазақстан Республикасының аумағында" бағанында ақшалай көріністе қосылған құн салығын есепке алмағанда Қазақстан аумағында ғылыми-зерттеу институттарының және тәжірибелік-конструкторлық бюролардың жұмысын жүргізу үшін жұмсалған шығындар сомасы көрсетіледі;

39. /523/ "аумақтарды қайтару" бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес келісімшарттық аумақтың бастапқы ауданына пайыздық қатынаста келісімшарттық аумақтың қайтарылуы көрсетіледі;

40. /524/ "жанама шығындар" бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды жүргізу кезінде ақшалай көріністегі (мың теңге) жанама шығындар көрсетіледі, олар есепті кезеңдегі әкімшілік үстеме шығындарды қамтиды (кеңселерді жалға алу / күтіп ұстау, басқару аппаратын күтіп ұстау, бухгалтерлік есеп жүргізу, іссапар шығындары, сыйлықақылар, жеке үстемелер, тұрғын үймен қамтамасыз ету, қызметтердің (өкілдік, консультациялық, аудиторлық, құқықтық, банк, аударма, нотариалдық, пошта, бұқаралық ақпарат құралдары, жарнама) ақысын төлеу, кеңсе техникасына, бағдарламалық жасақтамаға қызмет көрсету, материалдық және медициналық жәрдем (дәрі-дәрмектерді қоса), медициналық және санитарлық-гигиеналық бақылау, нормативтен жоғары оқыту, баспа жазылымы, байланыс қызметтері (ұялы, транкингтік, қалааралық), коммуналдық төлемдер, әкімшілік персоналды тамақтандыру, кеңсені күзету, өрт қауіпсіздігі, интернет, жерсеріктік телевизия, көлікті жалға алу, бензин, отын, әкімшілік мақсаттағы жағармай материалдары);

41. /525/ "оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында" бағанында Қазақстан аумағындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес жанама шығыстар сомасы мың теңгемен көрсетіледі;

42. /526/ "салықтар мен төлемдер, барлығы" бағанында жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет бюджетіне (республикалық, жергілікті) төлейтін барлық жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар түрлерінің, төлемдер мен алымдардың сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық шығындарды жоспарлау кезінде кейіннен есепті кезеңде түзетумен келісімшартқа Жұмыс бағдарламасында көрсетілген салықтар сомасын көздейді. "Талап" бағанында орындалған жұмыстар мен шығыстардың нақты көлеміне есептелген салықтардың сомалары, "нақты" бағанында ақшалай көріністе (мың теңге) нақты төленген сома көрсетіледі (/526/= /531/+ /541/+ /544/);

43. /531/ "қол қойылатын бонус" бағанында жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті іске асыруды пайдалану құқығына тиянақталған бір жолғы төлем сомасы көрсетіледі, бұл ретте ұлттық компания жер қойнауын пайдаланушы ретінде әрекет ететін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша Қазақстан Республикасының пайдасына қол қойылатын бонусты оның стратегиялық серіктесі төлейді, егер осындай серіктеспен бірлескен қызмет туралы шартта басқасы көзделмесе (мың теңге);

44. /541/ "тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер" бағанында жер қойнауын пайдаланушы төлейтін, осы келісімшарттық аумақты барлаумен және онда ашылған кен орындарын абаттандырумен байланысты мемлекеттің өткен шығындары көрсетіледі (геологиялық ақпаратты сатып алу үшін төлемді қамтиды). Тарихи шығындар сомасы келісімшарттық аумақ бойынша объектінің геологиялық-геофизикалық зерттелгендігінің күйін анықтауға арналған мемлекеттің ақшалай көріністе барлық нақты шығындарын түгендеу негізінде айқындалады;

45. /544/ "өзге салықтар мен төлемдер" бағанында осы есептілік нысанында бөліп көрсетілмеген, бірақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде орын алатын ақшалай көріністегі (мың теңге) басқа салықтар мен төлемдер көрсетіледі;

46. /545/ "келісімшарттық қызмет бойынша жиынтық жылдық табыс" бағанында Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жиынтық жылдық табысқа қосылатын келісімшарттық қызмет бойынша табыс көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 31 мамырдағы
№ 194 Бұйрыққа
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы

Қайда ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган

Әкімшілік деректер нысаны <https://egsu.energo.gov.kz> интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ЛКТ-7-ӨБК

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: тоқсан

Ақпарат ұсынатын тұлғалар аясы: өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей

Өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп

Есеп объектісінің коды				
Лицензияның / жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі және берілген/жасалған күні				
Қосымша келісім / Өнімді бөлу туралы келісім – нөмірі және тіркелген күні				
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі				
Жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны				
Инвестор(-лар)/ел(-дер)				
Үлестік қатысу (акциялардың %)				
Келісімшарттық аумақ/кен орны, тау-кен және геологиялық телім ауданы				
Лицензияның/жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданыс мерзімі				
Байланыс мекенжайы (заңды тұлғалар үшін тіркелген кеңсе)				
Есепті кезеңде Қазақстан Республикасы бойынша орташа бағам 1 доллар = _____ теңге				
Баптар атауы	Жолдар шифрі	Өлшем бірліктері	Келісімшарт бойынша талап	Жыл басынан нақты
А	Б	В	1	2
Қаржылық міндеттемелер, барлығы	500	миллион теңге		

Инвестициялар, барлығы	501	миллион теңге		
оның ішінде тікелей шетелдік инвестициялар	502	миллион теңге		
Күрделі шығындар, барлығы	503	миллион теңге		
оның ішінде: ғимараттар, құрылыстар	504	миллион теңге		
жайластыру, қайта құру	505	миллион теңге		
машиналар, жабдықтар	506	миллион теңге		
көлік құралдары	507	миллион теңге		
тазарту құрылыстарына/ коршаған ортаға шығыстар, барлығы	508	миллион теңге		
Геологиялық барлауға арналған шығыстар, барлығы	509	миллион теңге		
геофизикалық жұмыстар, жалпы:	200	миллион теңге		
оның ішінде сейсмосбарлау	201	миллион теңге		
(2 D және/немесе 3 D)		қума километр		
		шаршы километр		
сейсмосбарлау деректерін өңдеу және түсіндіру	202	миллион теңге		
		қума километр		
		шаршы километр		
сейсмосбарлау деректерін қайта өңдеу және қайта түсіндіру	203	миллион теңге		
		қума километр		
		шаршы километр		
грависбарлау және басқа түрлер	204	миллион теңге		
геофизикалық зерттеулер		нүктелер		
бұрғылау жұмыстары	205	миллион теңге		
		қума метр		

		ұңғыма		
объектілерді сынамалау және сынау	206	миллион теңге		
		объектілер		
гидрогеологиялық жұмыстар	207	миллион теңге		
		бригада/ауысым		
инженерлік-геологи ялық жұмыстар	208	миллион теңге		
		бригада/ауысым		
геологиялық барлау бойынша басқа жұмыстар	209	миллион теңге		
Өндіруге арналған шығыстар, барлығы	510	миллион теңге		
оның ішінде пайдалану мақсатындағы бұрғылау	210	миллион теңге		
		қума метр		
